

Махамбет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2024 жылғы 21 маусымдағы № 125 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 маусымда № 5210-06 болып тіркелді

Махамбет аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Махамбет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 63 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5082-06 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) арнайы комиссия - мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Махамбет ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия";

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган - "Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі";

9 тармақтағы "уәкілетті ұйымның" деген сөздер "Мемлекеттік корпорациясының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК